

Мақаланы қарау тәртібі

Журналдың электрондық поштасына келіп түскен мақалалар келесі талаптар бойынша қаралады:

- журналдың тақырыптық бағытына сәйкестігі;
- құрылым талаптарының сақталуы;
- техникалық рәсімделуі;
- лицензияланған Антиплагиат жүйесінде тексеру;
- академиялық адалдық талаптарының сақталуы;
- рецензиялау;
- редакциясы алқа мүшелерінің ұсыныстары негізінде қайта өңдеу және толықтыру.

Журнал поштасына келіп түскен мақалалар үш кезеңдік тексеруден өтеді:

1-кезең – БАСТАПҚЫ САРАПТАМА

Барлық мақала журналдың техникалық рәсімдеу, құрылымдық және тақырыптық бағыттарына сәйкестігіне тексеруден өтеді. Осы талаптарға сәйкес келетін мақалалар екінші кезеңге өтеді. Бастапқы сараптамадан өткізу мерзімі – 1 жұмыс күні.

2-кезең – ПЛАГИАТТЫ ТЕКСЕРУ

Редакция саясатына сәйкес, бірінші кезеңді сәтті өткен мақалалар міндетті түрде плагиат бойынша тексеріледі. Журнал редакциясы «Антиплагиат-Қазақстан. Эксперт» лицензиялық бағдарламасын қолданады. Бұл бағдарлама жасанды интеллектпен интеграцияланған, сондықтан мақаланы жазу кезінде ЖИ-ны пайдалану ұсынылмайды. Плагиатты тексеру нәтижелері туралы анықтама редакцияда сақталады. Мақаланың түпнұсқалылығы 60% -дан асуы тиіс. Осы көрсеткішке жетпеген мақалалар журналда жарияланудан бас тартылады. Плагиатты тексеруді сәтті өткен мақалалар үшінші кезеңге жіберіледі. Плагиатты тексеру мерзімі – 2 жұмыс күні.

3-кезең – РЕЦЕНЗИЯЛАУ

Алдыңғы кезеңдерді сәтті өткен мақалалар міндетті сараптамалық талдауға, яғни рецензиялауға жіберіледі. Рецензентті журнал редакциясы ұсынады. Рецензиялауға журналдың талаптарына сәйкес келетін және мәтіннің бірегейлігі 60%-дан кем емес мақалалар жолданады. Мақаланы рецензиялау мерзімі – 2 жұмыс күні.

Рецензент үш шешімнің бірін қабылдай алады: «мақаланы жариялауға ұсыну», «мақаладан бас тарту» немесе «мақаланы ескертулерді жою және қайта рецензиялаудан кейін қабылдау». Рецензенттің шешімі авторға кері байланыс түрінде хабарланады.

Мақаланы журналда жариялау туралы түпкілікті шешім журналдың редакциялық алқа құрамының отырысында қабылданады. Журналда мақаланы жариялау ақылы болып табылады.

Барлық талапқа сәйкес келетін мақалалар ғана жариялануға қабылданады.